

**АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУДЫҢ
АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ I**

**РЕГИОНАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ УПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ В АГРАРНОЙ СФЕРЕ**

**REGIONAL ASPECTS OF INNOVATIVE ACTIVITIES MANAGEMENT
IN AGRICULTURAL SPHERE**

С.С. ЫДЫРЫС

э.ғ.д., профессор

Ж.О. ТОХАЕВА

PhD докторанты

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

С.С. ЫДЫРЫС

д.э.н., профессор

Ж.О. ТОХАЕВА

докторант PhD

Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи

S.S. YDYRYS

Dr.E.Sc.,Professor

ZH.O. TOKHAYEVA

PhD student

Kh.A. Yasawi International Kazakh-Turkish University

Аңдатпа. Инновацияларды игеру негізінде өндірісті жаңартуға мүмкіндік беретін Қазақстанның аграрлық секторындағы инновациялық қызметтің әртүрлі аймақтық аспектілері зерттелген. Ғылым мен практикамен, озық инновациялық технологияларды енгізудің өзара іс-қимылындағы агроөнеркәсіптік өндірістің тиімділігі көрсетілген. Инновациялық белсенділік деңгейіне сәйкес топтар бойынша аймақтардың жіктелімі берілген. Облыстардың инновациялық дамуы талданып, олардың мәселелері анықталған. Инновациялық қызметті кеңейтуге кедергі келтіретін факторлар анықталды. Оны ынталандырудың мүмкіндіктері қарастырылған: жаңа технологияларды пайдалану, инновация саласындағы бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимылы, аймақтық инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру. Авторлар шетелдік тәжірибені ескере отырып, аграрлық өндіріс пен ғылымды интеграциялаудың жаңа тиімді механизмін іздестіру қажеттігін қарастырды. Әлеуметтік үрдістерге, қоршаған ортаға, халықаралық техникалық ынтымақтастыққа және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне оң әсер ететін ұйымдық құрылымдардың жаңа түрлері ұсынылды. Еліміздің аграрлық саласындағы реформалардың маңыздылығы көрсетілді және аймақтық деңгейде АӨК-де инновацияларды қолдануды ынталандыру бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Аннотация. Исследования различные региональные аспекты инновационной деятельности в аграрном секторе Казахстана, позволяющей обновлять производство на основе освоения инноваций. Показана эффективность агропромышленного производства во взаимодействии с наукой и практикой, внедрением передовых инновационных технологий. Дана классификация регионов по группам, согласно уровню инновационной активности. Проанализировано инновационное развитие областей и выявлены их проблемы. Определены факторы, препятствующие расширению инновационной деятельности. Рассмотрены возможности ее стимулирования: использование новых технологий, взаимодействие бизнеса и государства в области инноваций, формирование региональной инновационной инфраструктуры. Авторами рассмотрена необходимость поиска новых эффективных механизмов интеграции аграрного производства и науки, с учетом зарубежного опыта. Предложены новые виды организационных структур, позитивно влияющих на социальные процессы, окружающую среду, междуна-

Abstract. Various regional aspects of innovative activity in agricultural sector of Kazakhstan, allowing to update production on the basis of innovation development, are explored. The effectiveness of agro-industrial production in interaction with science and practice, introduction of advanced innovative technologies is shown. Classification of regions by groups according to the level of innovative activity is presented. The innovative development of the regions is analyzed and their problems are revealed. The factors preventing the expansion of innovation activity are determined. Possibilities of its stimulation are considered: use of new technologies, interaction of business and the State in the field of innovations, formation of regional innovative infrastructure. The authors consider the need to search for new effective mechanisms for integrating agricultural production and science, taking into account foreign experience. New types of organizational structures that positively influence social processes, the environment, international technical cooperation and competitiveness of national economy are proposed. The importance of reforms in agricultural sphere of the country is shown and concrete proposals on stimulation of the use of innovations in agro-industrial complex at the regional level are presented.

Ключевые слова: аграрная сфера, регион, инновационная активность, эффективность, механизмы государственного финансирования, конкурентоспособность, интеграция, окружающая среда.

Кіріспе. Қазіргі жағдайда ғылым мен техника жетістіктерін енгізу жолымен және инновациялық процестерді дамыту негізінде ғана аграрлы саладағы созылып кеткен дағдарыстан шығу мүмкін болады. Бұл саладағы инновациялық қызмет тиімді ұйымдастырылған кезде ғана күткен нәтижелерді береді және дүниежүзілік бірлестік тәжірибесі бұл қызметтің, негізінен, инновациялар аймақтық қажеттіліктерге бағытталғанда нәтижелі болатынын дәлелдеді.

Дамыған шет елдердің тәжірибесіне жай еліктеу, әдетте, ұлттық экономиканың дамуында жақсы нәтижелер бермейді. Бұдан басқа, инновациялық қызметті жүзеге асырудың дәстүрлі тәсілдері елеулі инвестицияларды қажет етеді. Тәжірибеде жоспарлы экономикаға тән және бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты сақтау мақса-

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Теориялық және әдістемелік негіздерін, инновация мен инновациялық процестер мәселелерін зерттеген П.Друкер, Б.Санто, М.Портер, Б.Твисс, Й.Шумпетер сынды шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері, ал инновациялық процестерді

басқарудың белгілі бір жүйесін әр түрлі аспектілерде қарастырған С.Н.Глазьев жә-не ауыл шаруашылығы саласында ғылыми-техникалық прогресті дамыту және инновацияны игеру мәселелерін зерттеген В.П.Баутин, М.Я.Веселовский, Е.С.Оглобин, И.С.Санду, Ғ.А.Қалиев, О.С.Сәбден сияқты ғалымдардың ғылыми зерттеулері маңызды.

Инновациялық дамудың аймақтық ерекшеліктерін зерттеу барысында қарқынды дамудағы экономикалық жүйедегі жаңашыл ғылыми-техникалық ойлар мен жасаулардың трансфертіне географиялық шектеулер кедергі емес. Алайда, аймақтық даму мәселелері жөніндегі А.В.Катаев, Н.В.Лихолетов, Т.В.Ускова сынды зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде аймақтық инновациялық саясат, аймақтық инновациялық жүйе, инновациялық дамудың аймақтық институттары сияқты түсініктер жиі кездеседі. Бұл әртүрлі аймақтарға қатысты өндірістің үлес салмағымен және жеке аумақтардың біркелкісіз экономии-калық дамудың түрлі себептерімен шартталады. Аймақтардың инновациялық қыз-метін басқарудың негізін мемлекеттік реттеу мен қолдау құрайды [1,2].

Нәтижелер және оларды талқылау.

«Аймақтық» сөзі көптеген зерттеу жұмыстарында әртүрлі экономикалық ұғымдарға қолданылады. Бәрібір де ғылыми-техникалық прогресс және инновацияның үйлестігі әлі жат болып естіледі. Ең дұрысы, ашық және қарқынды экономикалық жүйеде жаңа жемісті ғылыми-техникалық ойлар мен әзірлемелер үшін географиялық шекара болмауы керек. Осыған қарамастан, тек Қазақстанда емес, сонымен қатар шетелдерде де, «аймақтық ғылыми-техникалық әлеует», «аймақтық ғылыми-техникалық даму», «аймақтық ғылыми-техникалық саясат» ұғымдары өте жиі кездеседі.

Мемлекеттік деңгейде инновациялық өсу мүмкіндіктерін ұлғайту үшін аймақтардың инновациялық әлеуетін, оларда бар және толық көлемде қолданылмайтын ғылыми-техникалық қорларды жандандыру жолымен теңестіру арқылы мүмкін болады. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, бұл мәселені шешуде индустриалды елдердің көпшілігі қосымша экономикалық қиындықтармен және аймақтардың дамуының біркелкі еместігі нәтижесінде өткір әлеуметтік шиеленістің өсуімен соқтығысады. Мәселен, ескі өнеркәсіптік орталықтарда техникалық тозған кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін жоғалтуы, жұмыссыздықтың өсуі және халықтың ұлғайған миграциясы,

қоршаған ортаның ластануы сияқты мәселелер туындайды.

Бұл экономикалық ұғымдарды қолдану, сірә, әртүрлі себептермен қалыптасқан жеке аумақтардың экономикалық дамуының біркелкі еместігінен туындайды. Осы айырмашылықтардан туындаған қайшылықтар мемлекеттік басқару ұйымдары мен әртүрлі деңгейдегі жергілікті билік органдарын аймақтық экономикалық даму процестерін күшейту үшін қосымша қорлар іздеуге мәжбүрлейді.

Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, тіпті ең жақсы аймақтар да әдетте инновациялық әлеуетті көтеруді қажет етеді, себебі бұл онда орналасқан кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін ұстап тұруға немесе көтеруге, қосымша жұмыс орындарын құруға (жаңа кәсіпорындардың қызмет көлемін ұлғайту және құру есебінен), ірі компаниялардың филиалдарын, соның ішінде шетелдікін тартуға жақсы мүмкіндіктер береді. Соңғы жағдай аймақтық дамудың қосымша қаржылық қорларын табу үшін жаңа мүмкіндіктердің ғаламдану процестерінің аясында пайда болуы көзқарасынан маңызды мәнге ие болады. Ақырында, инновациялық мәселелерге көңіл аудару дағдарыс кезінде нарық конъюнктурасының өзгеруінде үлкен қауіп-қатерге тап болған өндірісті мамандандырудың жоғарғы деңгейімен аймақтардың экономикасын диверсификациялауға мүмкіндік береді [3, 306.].

Жалпы алғанда, аймақтың инновациялық тартымдылық дәрежесі келесідей көрсеткіштермен бағалануы мүмкін:

- жалпы аймақтық өнім;
- өнеркәсіп өндіріс көлемі;
- инновациялық өнім көлемі;
- зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындар;
- кәсіпорынның инновациялық белсенділік деңгейі;
- ғылыми-техникалық жұмыстар көлемі [4, 96.].

Аймақтың инновациялық қызметті жүзеге асыру нәтижелері экономикалық дамуға қосқан үлесімен бағаланады. Статистикалық және контент талдау негізінде инновациялық даму деңгейі бойынша аймақтардың жіктелуі ұсынылады (қараңыз, 1кесте).

Қазақстандағы инновациялық дамуды талдау бойынша 2016-2017 жылдары республика бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 9,3% деңгейде болды. Облыстар бойынша инновациялық

Аграрная политика: механизм реализации



белсенділік туралы мәліметтер аймақтардың дифференциациясын көрсетті. Мәселен, 2016 жылы инновациялық белсенді кәсіпорындар саны бойынша Алматы қ. – 590, Астана қ. – 543, Шығыс Қазақстан облысында – 296 және Қарағанды облы-

сында – 238 кәсіпорындар алдыңғы қатарда тұрды. Сонымен бірге, ең инновациялық белсенділігі төмен кәсіпорындар Батыс Қазақстанда – 33 және Маңғыстау облысында – 43 кәсіпорынды құрады.

1 кесте – Инновациялық даму деңгейі бойынша Қазақстан аймақтарын жіктеу

Инновациялық даму деңгейі және тобы	Инновациялық белсенділік пен инновациялық әлеуетке сипаттама
Бірінші топ (жоғары инновациялық әлеуеті бар аймақтар)	Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау іс-шаралар кешенін жасау жағдайында инновациялық әлеуеттің дамуына мемлекеттік инвестициялық ресурстардың тиімді салымдарын қамтамасыз ететін инновациялық тұрғыдан қамсыздандырылған аймақтар. Инновациялық өніммен ішкі және сыртқы нарықтарды қамтамасыз етеді.
Екінші топ (орташа инновациялық әлеуеті бар аймақтар)	Ұзақ, орта және қысқа мерзімді уақытқа инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау іс-шаралар кешенін жасау жағдайында, сонымен қатар жеңілдетілген салық салуды, қаржылық ресурстарды және шығындарды қажет ететін аймақтар. Инновациялық өніммен ішкі нарықты толықтай, ал сыртқы нарықты жартылай қамтамасыз етеді
Үшінші топ (төменгі инновациялық әлеуеті бар аймақтар)	Болашақта инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың арнайы іс-шараларын жасауды және ірі қаржылық ресурстарды қажет ететін аймақтар. Ішкі нарықты инновациялық өніммен жартылай қамтамасыз ету.
Ескерту: Әдебиеттер негізінде автормен құрастырылған	

Облыс бойынша инновация саласындағы белсенділік деңгейі ең жоғары кәсіпорындар Шығыс Қазақстан облысында – 14,9% құрады. Ал, ең төменгі көрсеткіштерді Батыс Қазақстан облысы – 3,6% және Маңғыстау облысы – 4,1% құрады, яғни республикалық көрсеткіштен екі есе төмен көрсетті.

Қазақстан аймақтарының инновациялық дамуының статистикалық мәліметтерін талдау нәтижесінде инновациялық белсенділік деңгейі бойынша Қазақстан аймақтарын 3 топқа бөлуге болады:

1 топ. Инновация саласындағы белсенділік деңгейі жоғары аймақтар: Солтүстік Қазақстан облысы (11,3%), Қостанай облысы (11,2%), Қызылорда облысы (11,2 %), Астана қ. (13,6%) және Шығыс Қазақстан облысы (14,9%).

2 топ. Инновация саласындағы белсенділік деңгейі орташа аймақтар: Алматы қ. (7,6%), Алматы облысы (7,8%), Атырау облысы (8,5%), Ақтөбе облысы (9,3%), Қарағанды облысы (10,6%) және Жамбыл облысы (10,8%).

3 топ. Инновация саласындағы белсенділік деңгейі төмен аймақтар: Батыс Қазақстан облысы (3,6%), Маңғыстау облысы (4,1%), Павлодар облысы (6,5%), Оңтүстік Қазақстан облысы (6,6%) және Ақмола облысы (7,0%) [5].

Аграрлық салада кәсіпорынның инновациялық белсенділік көрсеткіші ретінде оның тиісті өндіріс салаларындағы инновацияларды игеру деңгейі негізге алыну қажет. Бүгінгі таңда аграрлық саладағы инновациялық қызметтің белсенділігін күшейту үшін қолайлы шарттар жоқ болғандықтан, ауыл шаруашылығындағы инновацияларды игеруге кері әсерін тигізетін өндірістік, экономикалық және өзге де факторларды жою керек. Кәсіпорынның инновациялық белсенділігіне кедергі келтіретін экономикалық факторларға:

- меншікті ақшалай қаражаттың жеткіліксіздігі;
- жаңа өндіріс құралдары мен ресурстарына деген төлем қабілетті сұраныстың төмендігі;
- жаңа өнімнің қымбаттылығы;
- өзін-өзі ақтау мерзімінің ұзақтығы;
- экономикалық тәуекелдің жоғарылығы жатады.

Ал, өндірістік факторлардың санатына кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің төмендігі, білікті мамандардың тапшылығы, жаңа технологиялар және нарықтар туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, кәсіпорын мен оның ұжымының жаңалықтарды қабылдау қабілетінің төмендігі, басқа кәсіпорындармен және ғылыми ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу мүмкіндіктерінің жоқтығы кіреді. Сондай-ақ, заңдық және



Облыстар бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдары бойынша ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар біркелкі еместігін көрсетті. 2016 жылғы статистикалық мәлімет бойынша ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған шығындардың қомақты үлесін Алматы қ. – 2 512909,6 мың теңге, Алматы облысы – 824629,8 мың теңге, Астана қ. – 778 998,3 мың теңге және Ақмола облысы – 680938,0 мың теңгені құрады. Ал, ауыл шауашылығы ғылымдарына жұмсалған ішкі шығынның аз көлемі Атырау облысына (32 190,0 мың теңге) және Қарағанды облысына (24 300,0 мың теңге) тиесілі болды.

2 кесте – Ғылым салалары бойынша ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар, млн теңгемен

	2012	2013	2014	2015	2016
Барлығы	47 246,4	61 672,7	66 347,6	69 302,9	66 600,1
оның ішінде:					
жаратылыстану ғылымдары	13 888,4	22 361,4	23 556,8	25 334,2	23 496,2
инженерлік әзірлемелер және технологиялар	22 182,6	23 937,9	26 864,3	29 618,3	30 193,4
медицина ғылымдары	1 349,7	3 450,4	2 795,1	2 735,4	2 277,9
ауыл шаруашылығы ғылымдары	4 906,4	5 628,1	7 331,7	7 602,4	6 884,6
әлеуметтік ғылымдар	2 368,5	2 857,1	1 486,2	850,5	1 072,2
гуманитарлық ғылымдары	2 550,8	3 437,6	4 313,5	3 162,1	2 675,8
Ескерту: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде, 2017					

Аграрлық экономиканың инновациялық қызметін дамытуға көшудің негізгі кедергілердің бірі кәсіби менеджерлер мен мамандардың жетіспеушілігі болып тұр. Қазақстан Республикасында АӨК саласындағы ғылыми зерттеулермен «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ-ның, ҒЗИ-лары мен ТӨШ-тері және 3 жоғары оқу орындары айналысады. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жалпы көлемі 2015 жылы жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 0,15%-ын құрады, бұл орта есеппен технологиялық көш-басшы елдерге қарағанда шамамен 10 есеге төмен. Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша АӨК субъектілерінің шамамен 80%-ы мамандарға де-ген қажеттілікті бастан кешіп отыр [8, 47 б.]. Сондықтан, аймақтық деңгейде инновациялық менедж-


Аграрная политика: механизм реализации

мент саласында білікті кадр персоналын ұйымдастыру қажеттілігі туындады.

Бұл процесте белсенді рөл атқаруға бұрынғы жылдарда қалыптасқан ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындары қабілетті. Олардың толық алынбаған ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін аймақтық дамытуға қайта бағыттауды қажет етеді. Бұдан барлық мүдделі жақтар ұтады. Өндіріс саласымен байланысты жергілікті кәсіп-орындарға ЖОО-дан жаңа идеялар, зерттеулер және өзгермелі экономикалық жағдайларға бейім жаңа мамандардың ағыны болуы мүмкін. Аймақта шоғырланған ғылыми ұжымдар

және жеке ғалымдар өз білімдерін жұмсауға жаңа салаларды және қаржыландырудың қосымша көздерін табады [9, 306.].

Ғылыми-техникалық әлеуетті қалыптастырудың аймақтық аспектілері ерекше зерттеуді талап етеді. Осы негізде ауыл шаруашылығында инновациялық қызметті басқару басымдылықтары анықталды (1 сурет). Инновациялық қызмет күткен нәтижелерді тиімді ұйымдастырылған кезде ғана береді және тәжірибе көрсеткендей, негізінен, инновациялар аймақтық қажеттіліктерге бағытталғанда ғана нәтижелі болатынын дәлелдеді [10].



1 сурет – Ауыл шаруашылығында инновациялық қызметті басқару басымдылықтары

Ауыл шаруашылығында инновацияларды енгізуде пайда болған мәселелерді жеңу үшін мемлекет тарапынан үлкен қолдау қажет, аграрлық өндірісіне жеке инвестицияларды салуда тәуекелдіктерді төмендету үшін мемлекет салымдарды сақтандыру және кепіл беру жүйесін әзірлеп, енгізу керек, фермерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейту үшін жолдар

іздеу қажет. Өйткені, аграрлық сектордың даму деңгейі республиканың экономикалық тұрақтылығын анықтайтын фактор болып табылады. Сонымен бірге, аймақтық инновациялық дамуды қамта-масыз ету – тек экономикалық емес, сонымен қатар үкімет пен аймақтық өкімет органдары жағынан елеулі көңіл бөлуді қажет ететін әлеуметтік және саяси міндет.

3 Mumladze R.G., Platonov A.V. Jef-fektivnost' upravlenija innovacijami v sel'skom hozjajstve. - M.: Izd-vo «Rusajns», 2014. - 84 s.

4 Arynova Z.A., Kajdarova L.K. Regional'nye aspekty innovacionnoj dejatel'nosti v Respublike Kazahstan // Vestnik Innovacionnogo Evrazijskogo universiteta. – 2013. - №4(52). – S. 9-12.

5 Dannye Komiteta po statistike MJeN RK [Jelektronnyj resurs].-2018.- URL:http://stat.gov.kz (data obrashhenija: 25.04.2018)

6 Bugara A.N. Innovacionnyj potencial predpriyatij agrarnogo sektora sel'skih territorij // Upravlenie innovacijami: teorija, metodologija, praktika: mater. XV mezhdunar. nauch.-praktich. konf. – Novosibirsk: CRNS, 2016. – S. 96-99.

7 Мұқан Б. Fылыми құрғақ атақтардың дәуіріні өтті [Jelektronnyj resurs].- 2018. – URL:http://abctv.kz/kz/news (қаралған мерзімі: 29.05.2018)

8 Қазақстан Respublikasynyң Agroөнер-кәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 зhyлдарға арналған мемлекеттік бардарламасы. - Astana, 2017. - 47-48 б.

9 Narynbaeva A.S. Rol' agropromyshlennogo kompleksa kak strukturnoj sostavljajushhej regional'noj jekonomiki // Problemy agrorynka.-2017.-№1. –S. 28-34.

10 Litvinenko I. L., Kijanovа L.D. Obespechenie innovacionnogo razvitija regional'nyh APK: problemy i puti reshenija// Regional'naja jekonomika i upravlenie. Jelektronnyj nauchnyj zhurnal [Jelektronnyj resurs].- 2017.- URL:http://eee-region.ru/article/5012 (data obrashhenija: 19.04.2017)

IRSTI 06.39.02

UDK 338. 574.42:637

INCREASING THE COMPETITIVENESS OF REGIONAL AIC

ӨНІРЛІК АӨК БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ РЕГИОНАЛЬНОГО АПК

G.ZH. ZHUMABEKOVA

C.E.Sc., Associated Professor

B.S. KORABAYEV

Master of Economic Sciences

JSC «Finance Academy»

Г.Ж. ЖУМАБЕКОВА

э.ф.к., доцент

Б.С. КОРАБАЕВ

экономика ғылымының магистрі

«Қаржы академиясы» АҚ

Г.Ж. ЖУМАБЕКОВА

к.э.н., доцент

Б.С. КОРАБАЕВ

магистр экономических наук

АО«Финансовая академия»

Abstract. The comparative analysis of competitive advantages of inter-branch food complexes of Kazakhstan in comparison with enterprises of small and medium-sized agribusiness was done. It is noted that restructuring of the industrial and economic activities of the republic's agro-industrial complex in the direction of creating large-scale structures will help increase the competitiveness of agricultural sector. A comprehensive assessment of the potential of agro-industrial complex of the region is presented. It was revealed that a large-scale approach to the issues of ensuring the competitiveness of enterprises of agro-industrial complex is necessary for the long-term development of the regions of the country, growth of their strategic reserves.